

№ 7 «Күншуак» бөбекжай бақшасы

*Хабибуллина Д.Р.*

Тақырыптық сабақ.

Тақырыбы: «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз»

Ересек «Еркемай» тобы.

Тәрбиеші: Хабибуллина Д.Р.

2020-2021 ж.

**Тақырыбы:** «Тіл тірегіміз,соғып тұрған жүрегіміз!»

**Мақсаты:** Балаларды ана тілінің қасиетін сезінуге,мәртебесін көтеруге баулып,танымдылық қабілетін арттыру. Тілді құрметтей білуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** плакаттар,слайд.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру,сұрақ-жауап,такпақ және мақал айту,ойын ойнау.

**Билингвальды компонент:** ана тілі-родной язык,Родина-Отан.

**Жүру барысы:** Балалар әнмен жұп болып топқа кіреді.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме,балалар!

Тәрбиеші: Балалар біз бәріміз бір үйдің балаларындай тату-тәтті доспыз.

Қане, бір-бірімізге деген достығымызды нығайту үшін жақсы тілектер айтайықшы.

Балалар:Күніміз жарық болсын!

Аспанымыз ашық болсын!

Деніміз сау болсын!

Еліміз тыныш болсын!

Досымыз көп болсын!

Балабақшамыз жайнап тұрсын!

Ата-анамыз аман болсын!

Нанымыз көп болсын!

Тәрбиеші: Балалар,осындай жақсы көңіл-күйімізбен бүгінгі күнімізді бастайық.

Ғажайып сәт: Есік қағылып,ішке орыс мемлекетінен қонақ келеді. Ол біздің елімізге ұшақпен жетіпті. Оның арманы біздің еліміз туралы көп білгісі келеді екен.

Орыс қызы: Сәлеметсіңдер ме,балалар?

(Балалар амандасады)

-Балалар,бұл қай мемлекет?

-Қазақстан Республикасы.

-Бұл мемлекеттің бас қаласы қай қала?

-Нұр-сұлтан қаласы.

-Мен сендердің мемлекеттерің туралы толығырақ білсем деп отырмын.

Сендер маған көмектесесіңдер ме?

-Әрине,көмектесеміз.

-ҚР елбасы кім?

-Қасым-Жомарт Тоқаев.

-ҚР-ның мемлекеттік тілі қай тіл?

-Қазақ тілі.

-Рәміздері туралы айтып бересіңдер ме?

-Рәміздерге әнұран,ту,елтаңба жатады,

Тәрбиеші: Қане балалар, біз қонағымызға мемлекетіміздің әнұранын айтып берейік.

Балалар әнұран орындайды.

Тәрбиеші: Ана тілі және Отан туралы қандай тақпақ білесіңдер?

Шынар: Қазақ тілі-ата-анаң,

Қуат алар Отан да одан.

Дүниенің бар асылы

Тең келмейді ешбір оған.

Жанарыс: Астана-арман қала,

Бағы бір жанған қала,

Тұрады ол жап-жасыл боп,

Мен үлкен болғанда да.

Төкті оған нұрын дала,

Астана-сұлу қала

Біз оны анамыздай

Сүйеміз шынында да.

Ибрахим: Отан-жерім,Отан-суым,

Отан қуат,нәр береді.

Отан-ұран,Отан-туым,

Отан мәңгі гүлденеді.

Ильяс: Айнымайды аспаннан

Біздің тудың бояуы.

Оны халық қашанда

Биікке іліп қояды.

Көк аспандай арай күн,

Көк аспанда жас қыран,

Естілгендей біздің үн

Сол ғарыштың астынан.

Тәрбиеші келген қонақпен ойын ойнауды ұсынады.

Ойын: «Шаңырақ»

Тәрбиеші: «Мақал-сөздің мәйегі» демекші тілге байланысты мақал-мәтелдерімізді айтайық.

Жасұлан: Тіл тас жарады,

Тас жармаса бас жарады.

Әлхам: Ойнап сөйлесең де

Ойлап сөйле.

Асемай: Сөз сүйектен өтеді,

Таяқ еттен өтеді.

Саян: Өнер алды-қызы тіл.

Мадияр: Жақсы сөз-жарым ырыс.

Тәрбиеші: Жарайсындар,балалар,мен сендердің елдерің туралы көп мәлімет алдым.Рахмет,сау болындар.

Тәрбиеші: Халқымыз кашанда тіл өнеріне,шешендікке зор мән берген.

Балалар,бүгін бәрің жақсы қатыстындар.Елбасымыз Қ.Ж.Тоқаев

«Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде» деп айтқандай сендер осы ана тіліміздің мәртебесін биікке ұшырататын сұңқары,бәйгенің алдын бермес тұлпары болуларыңа тілектеспін.

Балалар: Қол ұстасып тұрайық,

Шеңберді біз құрайық.

Көріскенше күн жақсы,

Сау саламат болйық.